

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Таушық Ауылы

2026 жылғы 02 наурыз уақыты сағат 11:00

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Таушық ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«Жангурши кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына ҚОҚБ және Табиғатты қорғау іс шараларының жоспары.**
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК**
4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, географиялық координаттары N 44°19'30 E 50°57'00
(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі).
6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, БСН 000740003881, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел.: 87711060688.
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Gals» ЖШС, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел: 87789166528.
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 2026 жылғы 02 наурыз сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, әкімдік ғимаратында өткізілді. Карантинге байланысты бейне-конференция байланыс нысанында тыңдауларды өткізу:
<https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKFE9WY1zrpeVJa.1>
Идентификатор конференции: 839 9111 4927
Код доступа: uWL0nY
(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)
9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**
10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) бірыңғай экологиялық порталда, <https://ecoportal.kz>;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau>

(атауы және ресми интернет-ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. Газета: Ақкеттік арайы, №4 (1331) 27 қаңтар 2026 жыл (қосымшада)

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2. теле-радио арнаның атауы «Astana TV», 26.01.2026 жыл №004 (қосымшада).

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Таушық ауылы әкімдік ғимараты** мекенжайы бойынша хабарландыру үшін **стенде 1** дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Бірауыздан қабылданған шешіммен қоғамдық тыңдау хатшысы болып – «Gals» ЖШС өкілі Сахтау Самал Махамбетқызы сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес" - 7, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3)

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: баяндама – 10 мин., талқылау Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қоя алады және жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылатын регламент – 10 минут.

Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 7, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«Gals» ЖШС өкілі, баяндамашы- Сахтау Самал Махамбетқызы.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Жоба бойынша Презентация (10 бетте) және баяндама қосымшада ұсынылды

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **жоқ**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Бауытбаев Курман. Азат Әисей

Төлеу
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы Төлеу

Күні: « 02 » наурыз 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: «Gals» ЖШС өкілі Сахтау Самал Махамбетқызы
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы Саят

Күні: « 02 » наурыз 2026 ж.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Таушық ауыл әкімі Бақтыбаев Н.: Сіздерде бұл шламды Қай жаққа тапсырасыздар? Олар өздері тасымалдайдыма? Басқа қоқыстар ше қай жаққа тапсырасыздар?	«Ақтау-Транзит» ЖШС бас инженері Осқимбаев М.: Шламды Өзенде компаниямен договорға отырып жатырмыз, 220 тоннадай мұнай қалдықтары емкость та тұр. Иә олар өздері тасымалдайды. Қоқыстарды Түпқараған су жүйесіне су мен ТБО тапсырамыз, өздері алып кетеді.	Алынды
2	Таушық ауыл әкімі Бақтыбаев Н.: Кейбір өндірістік аймақтарда шекаларға малдар кіріп кетеді, сіздерде ұандай бір қауіп төнедіма оларға? Сіздерде қоршау жоқ сияқтығой ия?	«Ақтау-Транзит» ЖШС бас инженері Осқимбаев М.: Біздің промыслда Манас ауылың малдары жайылып жүреді, ешқандай қауіп төнген емес.	Алынды
3	Таушық ауыл әкімі Бақтыбаев Н.: Вакансия бойынша айтып жіберсеңіз, қазір қанша адам жұмыс жасап жатыр сіздерде?	«Ақтау-Транзит» ЖШС бас инженері Осқимбаев М.: Қазір екі сменде 7 адам жұмыс жасап жатыр, қалған адамдар босатылды, әзірге тоқтап тұр.	Алынды

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
02.03.2026 ж. 11:00 «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы

№ п/п	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Аманханов А.А.	инженер - эколог	8771 106 0681	жеке	
2	Сәрсенов И.А.	«Ақтау-Транзит» ЖШС	8775 750 3329	жеке	
3	Бағдатбаев Н.Б.	аудан әкімі	87013143810	жеке	
4	Осаинабаев М.Б.	Бас инженер	87016612290	жеке	
5	Қосымбаева Ш.	аудан тұрғыны	87015444680	жеке	
6	Ізбаева С.	аудан тұрғыны	87076176095	жеке	
7	Жылдрасметов В.	аудан тұрғыны	87448442289	жеке	
8	Сақшау С.М.	ТОО «Gals»	87789166528	жеке	
9	Базарбай С.С.	Түрік	87281139897	онлайн	-11-11-11-
10	Жаушева А.	ТЖМО	87754909575	онлайн	-11-11-11-
11					
12					
13					
14					
15					
16					
17					

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26382247001, Дата: 22.01.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Мангистауская область, Тупкараганский район, Таушыкский с.о., с.Таушык

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Раздел охраны окружающей среды к «Проект консервации последствий недропользования месторождения Жангурши» и ППМ

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Тупкараганский район, Таушыкский с.о., с.Таушык, в здании дом культуры, 02.03.2026 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Ақжетік Арайы; Astana tv

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

на доске объявлении в акимате

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Актау-Транзит" (БИН: 000740003881), 87711060688, aktautranzit2023@mail.ru,

Представитель: Сахтау Самал

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Gals"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26382247001, Дата: 22.01.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26382247001, от 22.01.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел охраны окружающей среды к «Проект консервации последствий недропользования месторождения Жангурши» и ППМ, в предлагаемую Вами 02.03.2026 11:00, Мангистауская область, Тупкараганский район, Таушыкский с.о., с.Таушык, в здании дом культуры(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».


«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Актау-Транзит"" (БИН: 000740003881), 87711060688, aktautranzit2023@mail.ru,

Представитель: Сахтау Самал

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Gals"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).



Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АКТАУ-ТРАНЗИТ»
Товарищество с ограниченной ответственностью
БСН/БИН 000740003881
г. Актау, 4 микрорайон, 23/2 здание, 3 этаж

ШЫҒЫС/ИСХ. № 014
ОТ 26.01.2026

Таушық ауылының әкіміне
Н.Б. Бақтыбаевқа

Құрметті Нұржан Бақтыбайұлы

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС 2026 жылы 2 наурыз сағат 11:00-де Әкімдік ғимаратында, «Жангурши кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі және Табиғатты қорғау іс шаралары жоспары тақырыбында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауды өткізіуін жоспарлап отырғанын хабарлайды.

Өткізу күні мен уақыты Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен келісілді.

Осы мақсатта Сіздің тарапыңыздан осы аталған шараны өткізуге ат салысуыңызды және төраға етуге жауапты маман тағайындауыңызды сұраймыз.

Құрметпен,
Директор ТОО «Актау-Транзит»



Жабагинов А.С.

Орындаған:
Амалханов А.Н.
Моб.тел. 8(771) 106-0688

Қоғамдық тыңдау туралы хабарландыру!

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС «Жангурши кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс шараларының жоспарыбойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. **Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 2 наурызда сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты. Географиялық координаттар: Ендік 44°19'30, Бойлық 50°57'00

Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKFE9WYlZrpeVJa.1> Конференция идентификаторы 839 9111 4927. Кіру коды: ywL0nY

Тапсырыс беруші: «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, БСН 000740003881, Актау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел.: 87711060688.

Жобаны әзірлеуші: «Gals» ЖШС, Актау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел: 87789166528.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

Объявление о проведении общественных слушаний!

ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к «Проекту консервации последствий недропользования м/р Жангурши» и ППМ. **Слушания состоятся:** 2 марта 2026 года в 11:00 ч. **Место проведения:** Мангистауская область, село Таушық, в здании акимата. Географические координаты: Широта 44°19'30, Долгота 50°57'00

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKFE9WYlZrpeVJa.1> Идентификатор конференции 839 9111 4927. Код доступа: ywL0nY

Заказчик: ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ», БИН: 000740003881, г.Актау, 4 мкр, 42 здание, 3 этаж, тел.: 87711060688.

Разработчики проектов: ТОО «Gals», г.Актау, 5 мкр, 8 дом, офис 110, тел: 87789166528.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл. почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте БЭП <https://ndbecology.gov.kz/>.



Ақжетік арайы

№4 (1331)
27 қаңтар 2026 жыл



Kaspı QR



Halyk QR

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

Газет 1931 жылдың 5 тамызынан шыға бастады



e-mail: akketikaraii@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

ҰЛТ ҮНІН ЖЕТКІЗГЕН АЛАҢ



ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ӘР КЕЗЕҢІНДЕ ХАЛЫҚТЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕЙТІН, ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЕРКІН ТАЛҚЫЛАЙТЫН АЛАҢ ҚАЖЕТ. ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ДӘЛ ОСЫҢДАЙ ТАРИХИ МІНДЕТТІ БҮГІНГІ ТАҢДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ АТҚАРЫП ОТЫР. БҮЛ — ЖАЙ ҒАНА РЕСМИ ЖИЫН ЕМЕС, БҮЛ — ҰЛТТЫҢ ТЫНЫСЫН ТАНЫТАТЫН, ҚОҒАМНЫҢ КӨКЕЙІНДЕП САУАЛ-ДАРА АШЫҚ АЙТЫЛАТЫН КЕҢІСТІК.

Президент бастамасымен өткен Ұлттық құрылтай ел дамуының жаңа кезеңінде мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстың жаңаша формасын көрсетті. Мұнда күр ұран емес, нақты ұсыныс, жалтару емес, жауапкершілік сөз болды.

«Құрылтай» сөзі қазақтың тарихи жадында терең сақталған ұғым. Ел басына күн туған сәттерде, тағдыр таразыға түскен кезеңдерде игі жақсылар бас қосып, ортақ шешімге келген. Бүгінгі Ұлттық құрылтай — сол дала демократиясының заманауи үлгісі. Айырмашылығы — қазіргі құрылтай хан сайламайды, бірақ халықтың мұның билікке жеткізеді. Ол ел тағдырын тікелей шешпесе де, шешім қабылдайтын ортаның бағытын айқындайды.

Ұлттық құрылтайдың басты ерекшелігі — ашықтық. Мұнда әр өңірдің, әр саланың өкілдері өз ойын бүкілсіз жеткізе алды. Әлеуметтік әділдік, ауыл мәселесі, жастардың болашағы, тіл мен діл, білім мен ғылым — бәрі де кеңінен қозғалды. Бұл — қоғам үшін маңызды белгі. Өйткені халық өзін тыңдайтын мемлекетті көргісі келеді. Құрылтай осы сенімді біртіндеп қалыптастырып келеді.

Құрылтайда айтылған негізгі ұғымдардың бірі — «Әділетті Қазақстан». Бұл сөздің артында нақты мазмұн жатыр. Әділ сот, заң үстемдігі, тең мүмкіндік — қоғамның басты суранысы. Президенттің сөйлеген сөзінде де, құрылтай мүшелерінің пікірлерінде де осы идея айқын көрінді. Халық үшін әділет — қағаздағы жазулар емес, күнделікті өмірде сезілетін құндылық.

Ұлттық құрылтай мінберінде экономика да назардан тыс қалған жоқ. Ауылдың ахуалы, шағын бизнестің жағдайы, әлеуметтік теңсіздік мәселелері ашық айтылды. Бұл — елдегі тұрақтылықтың негізгі тірегі. Экономикалық әділдік болмай, қоғамдық келісім де орнықпайды. Сондықтан құрылтайда көтерілген бұл мәселелер — уақыт талабынан туған қажеттілік.

Қоғам тек экономикамен өлшенбейді. Ұлттық тіл, тарих, мәдениет — елдің жаны. Құрылтай барысында қазақ тілінің мәртебесі, ұлттық құндылықтарды сақтау, жастар тәрбиесі туралы маңызды ойлар айтылды. Бұл — мемлекеттің тек материалдық емес, рухани дамуға да басымдық беріп отырғанының айғағы.

Сонымен қатар әртүрлі салада еңбек етіп жатқан қызметкерлер құрметті ордендермен марапатталды. Дегенмен кез келген бастама сияқты Ұлттық құрылтай да сыннан тыс емес. Ең басты мәселе — айтылған ұсыныстардың іске асуы. Егер құрылтай тек пікір айту алаңы болып қалса, оның қоғамдық салмағы төмендейді. Сондықтан қоғам бүгін тек сөзді емес, нақты нәтижені күтеді.

Ұлттық құрылтай — бір реттік шара емес, ол уақыт өте келе қоғамдық институт ретінде қалыптасуы тиіс. Оның ықпалы артқан сайын, елдегі диалог мәдениеті де нығаяды. Бұл алаң халық пен биліктің арасындағы сенімді көпірге айналса, Қазақстанның саяси мәдениетінде жаңа кезең басталады.

Ұлттық құрылтай — елдік ой айтылған, ұлттық мүдде таразыланған маңызды мінбер. Ол қоғамның ішкі үніне құлақ асудың үлгісін көрсетті. Бұл жиын Қазақстанда жаңа саяси мәдениеттің қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Құрылтай арқылы халық өз ойын ашық айтуға, билік өз шешімін түсіндіруге мүмкіндік алды. Бұл — сенімге бастайтын жол.

Алайда сенім тек сөзбен емес, іспен бекітіледі. Ендігі міндет — айтылған ұсыныстарды жүйелі түрде жүзеге асыру, қоғамдық бақылауды күшейту, құрылтайды формалды жиын деңгейінде қалдырмау. Сонда ғана бұл бастама тарих алдында өз миссиясын толық ақтайды.

Ұлттық құрылтай — бүгінгі ғана емес, ертеңнің де мінбері. Ол ел болашағына бейжай қарамайтын әр азаматтың ортақ алаңы болуы тиіс. Қоғам өзгерісі тек жоғарыдан басталмайды. Ол әр азаматтың ішкі дайындығынан, жауапкершілігінен бастау алады. Ұлттық құрылтай осыны еске салды.

Егер халық белсенді болса, ұсыныс айтса, талап етсе — құрылтай да тірі салаға айналады. Ал егер немқұрайлық басым болса, кез келген жақсы бастама қағаз жүзінде қалуы мүмкін. Сондықтан Ұлттық құрылтай — билікке ғана емес, қоғамға да жүктелген жауапкершілік. Бұл алаңды пайдалану — азаматтық сананың өлшемі.

Құрылтай қоғамдық пікірді бір арнаға тоғыстыратын механизмге айналуы қажет. Әлеуметтік желідегі бейберекет пікірден гөрі, осындай жүйелі алаңдардың маңызы зор. Мұнда айтылған әр сөз — қоғамның айнасы. Сол айнаға қарап, мемлекет те, халық та өз кемшілігін көре алады.

Бүгінгі әлемде қоғаммен санаспай басқару мүмкін емес. Ұлттық құрылтай — осы шындықты мойындаудың белгісі. Ол — биліктің халықтан биік емес, халықпен қатар тұрғанын көрсетуге бағытталған қадам. Бұл — демократиялық даму жолындағы маңызды белес.

Ұлттық құрылтай — елдің ішкі әлеуетін, ой қуатын біріктіретін алаң. Оның шынайы құны — айтылған сөздің салмағында емес, сол сөздің іске айналуында. Егер бұл үрдіс жалғасса, Ұлттық құрылтай Қазақстан тарихында елдік мүддені ұйыстырған маңызды институт ретінде қалады.

Ернар МАРАТ.

ҰТЫМДЫ ҰСЫНЫСТАР ҰСЫНДЫМ

Уайс ЕРСАЙЫНҰЛЫ,
Ұлттық Құрылтай мүшесі,
Маңғыстау облыстық
мәслихат депутаты



«Ұлттық Құрылтай өз жұмысын аяқтады. Осы алаңда мен де азаматтық әрі қоғамдық миссиямды атқарып шықтым деп есептеймін. Ұлттық Құрылтайдың өзін қатысқан төрт отырысында ел үшін маңызды бірқатар түйткілді мәселелерді көтердім. Атап айтқанда, қосымша күн салығын арттыруға, утильалым мен алғашқы тіркеу төлемдеріне қарсылығымды білдіріп, ереуілге шыққан мұнайшылардың талап-тілегін жеткіздім. Сонымен қатар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мен зейнетақы жүйесін реформалау, діни радикализммен күрес, ұлттық идеологияны қалыптастыру қажеттігі, жасанды интеллект пен цифрландыруды тиімді пайдалану мәселелері бойынша өз ұсыныстарымды ортаға салдым. Сондай-ақ Форт-Шевченко қаласының атауын өзгерту және халық батыры Ер Қосайдың есімін ұлықтауға қатысты ұсыныстарымды білдірдім.

Ұлттық Кеңес құрамына алғаш рет 2021 жылы шақырылған сәтте халықтың аманатын лайықты деңгейде жеткізе аламын ба деген алаңдаушылықым болғаны рас. Себебі қоғамдық мінберде бір мәселені көтерсең, екіншісін неге қозғамдың деген сын әрдайым қатар жүреді. Алайда уақыт өте келе шынайы тілекші жандар мен риясыз қолдаушылардың көп екенін көрдім. Сол қолдау маған күш-қуат, сенім берді.

Қысқа мерзім ішінде хал-қадарымша халықтың талап-тілегін жоғары деңгейге

жеткізуге тырыстым. Ұсыныстарымның ішінде жасанды интеллект пен ұлттық идеологияға қатысты бастамалар назарға алынды. Қалған мәселелер де кезең-кезеңімен шешімін табады деген үміт-темім.

Ендігі жерде ауылға оралып, ел ішіндегі жұмыстарға кірісемін. Мемлекет басшысы айқындаған күн тәртібі бар. Мен Жаңарған Қазақстан құру жолындағы Президент бастамаларын алғашқы күннен бастап қолдап келемін және алдағы ауқымды конституциялық реформалардың табысты жүзеге асуына тілектеспін. Тек тілектес болып қана қоймай, сол жауапты үдерістің бір шегіне болса да үлес қосуға дайынмын.

Мен өзімді осы елдің бір қарапайым перзенті, халықпен бірге елдің жыртығын жамауға атсалысып жүрген азаматтың бірі деп санаймын. Мемлекетшілдікті ту етіп, туған Отанның өсіп-өркендеуіне қызмет ету — басты мақсатым. Әрбір көтерген мәселемде артымда халық, төбемде ел үшін жанын қиған ардақты бабалардың рухы тұрғанын бір сәт естен шығарған емеспін.

ҚҰРМЕТ

Жоғары мемлекеттік награда

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛУЛЫ
ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН
ЕЛ ДАМУЫНА ҚОСҚАН
ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ, МЕМЛЕКЕТТІК
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕП НӘТИЖЕЛІ
ЕҢБЕП ҮШІН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ ЕДІЛ
ЖАҢБЫРШИН ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ
«БАРЫС» ОРДЕНІМЕН МАРА-
ПАТТАЛДЫ.



Бұл жоғары марапат Ұлттық құрылтай мен Парламент Мәжілісінде ел мүддесі жолында атқарылған жүйелі жұмыстың, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, өңірлердің дамуына бағытталған бастамалардың нақты нәтижесі болып саналады. Еділ Жаңбыршин өз қызметінде ашықтық пен жауапкершілікті басты қағида етіп, сайлаушылардың ұсыныс-пікірлерін заң шығару процесінде тұрақты түрде көтеріп келеді.

Марапатты қабылдау барысында Еділ Жаңбыршин бұл құрметті жеке еңбегінің ғана емес, әріптестерінің қолдауы мен ел сенімінің жемісі екенін атап өтті. Сондай-

ақ ол Мемлекет басшысына көрсеткен жоғары бағасы үшін алғыс білдіріп, халыққа қызмет ету жолындағы жауапкершіліктің одан әрі арта түсетінін жеткізді.

Айта кету керек, жоғары мемлекеттік наградаға бірқатар қоғам қайраткерлері мен депутаттар да ие болды. Бұл — ел игілігі жолында адал еңбек етіп жүрген азаматтардың жұмысына берілген әділ баға.

Елге қызмет ету — абыройлы міндет. Еділ Жаңбыршиннің бұл марапаты жас ұрпаққа үлгі болып, отансүйгіштік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге өз үлесін қоса бермек.

■ АДАМ. ҚОҒАМ. ЗАҢ.

ӘДІЛ СОТ – СЕНИМ КЕПІЛІ

ӘДІЛ СОТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРІК ТРЕПІ. ОСЫ ҚАҒИДАНЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛҒАН АУДАНЫҚ СОТЫ 2025 ЖЫЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ, АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚ ІСТЕРІН ҚАРАУ БАРЫСЫНДА ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНЫҢ БҮЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАЛУЫН, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ ҚОРҒАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗДІ.



азаматтық іс қалдықта қалды.

Бұл көрсеткіштер азаматтық дауларды соттан тыс және бітімгершілік жолмен шешудің тиімділігі артып келе жатқанын айғақтайды.

Қылмыстық істерге тоқталар болсақ, заңдылық пен жауапкершілікті талап ететін бұл салада да соттың жұмысы айтарлықтай көлемде атқарылды. 2025 жылдың 12 айында өткен жылдан 6 тұлғаға қатысты 6 қылмыстық іс қалдық ретінде қабылданды. Есептік мерзімде сотқа 66 тұлғаға қатысты 60 қылмыстық іс түсті. Жалпы алғанда, 71 тұлғаға қатысты 65 қылмыстық іс аяқталды. Оның ішінде: 40 тұлғаға қатысты 38 іс бойынша айып тау үкімі шығарылды, 9 тұлғаға қатысты 13 қылмыстық іс прокуратураға қайтарылды, 7 тұлғаға қатысты 7 қылмыстық іс тоқтатылды, 11 іс соттылыққа байланысты қаралды.

Есептік кезең соңында 1 қылмыстық іс қалдықта қалды. Қаралған істердің нәтижелері соттың қылмыстық процестегі заңдылықты сақтауға, әрбір істі жан-жақты әрі әділ қарауға басымдық бергенін көрсетеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық істері негізінен алдын алу мен тәртіпке бағындыруды көздейді. 2025 жылдың басында әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша 10 іс қалдықта болған. Жыл ішінде сотқа 462

әкімшілік іс түсті. Оның 10-ы соттылығы бойынша тиісті органдарға жолданды. Нәтижесінде 462 тұлғаға қатысты 462 іс толық аяқталды: 357 іс бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылды, 79 іс бойынша өндіріс тоқтатылды, 22 іс біріктірілді. Есептік кезең соңында 4 іс қалдықта қалды.

Сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша 19 жеке қаулы шығарылып, олардың барлығына уақтылы жауаптар келіп түсті. Бұл құқық бұзушылықтардың алдын алу және себеп-салдарын жою бағытындағы жұмыстың нәтижелі екенін көрсетеді.

2025 жылы аудандық соты істерді қарау барысында заңдылық, әділдік және ашықтық қағидаларын басты назарда ұстады. Азаматтардың құқықтарын қорғау, қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру және дау-жанжалдарды заң аясында шешу бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Алдағы кезеңде де сот ұжымы сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға, халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған жұмысты жалғастыра бермек.

Е. БЕГЕНОВ,
аудандық сот төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ДАМУДЫҢ 2024–2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҮЖЫРЫМДАМАСЫ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫН ДАМУДЫ КӨЗДЕЙДІ. АТАЛҒАН БАҒДАРЛАМА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН, ҚҰЗЫРЕТІ МЕН КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫНА СӘЙКЕС ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА ІЛГЕРІЛЕТУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

КӘСІБИЛІККЕ
ЖОЛ АШЫҚ

Бұл нағыз лайықты адамдарды анықтау әдістерін жетілдіруді, адам ресурстары мен жұмыс істеу тәсілдерін жан-жақты қайта қарауды талап ететін мәселе.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті кадрлық ілгерілеу мониторингін тұрақты түрде жүргізіп отырады. Мәселен, статистикалық деректерге сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша бос орындарға жарияланған ішкі конкурстар нәтижесінде 116 мемлекеттік қызметші тағайындалған, олардың ішінде 94-і бұрын төменгі лауазымдарды атқарған.

Демек, Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократия үлесі айтарлықтай жоғары.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 29-бабының 1–4-тармақтарына сәйкес, жергілікті атқарушы орган және (немесе) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өткізетін ішкі конкурстарға осы облыстың жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын барлық жергілікті атқарушы органдардың және (немесе) атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері қатысуға құқылы.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер меритократия қағидаларын одан әрі жан-жақты іске асыруды көздейді. Бүгінде мансаптық ілгерілеу заңнамадағы жаңа түзетулердің, сондай-ақ олардың жұмысын бағалау қорытындысы бойынша тиімді мемлекеттік қызметшілерді жоғары лауазымдарға тағайындаудың арқасында мүмкін болды.

Мысалы, нәтижелі қызмет атқарғаны үшін Жаңаөзен қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бас инспекторы Чутанова Алия Узақбаевна бағалау қорытындысы бойынша жоғары тұрған лауазымға тағайындалды. Сондай-ақ Тажикабаев Нуржан Курманғазылы Ақтау қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Бұл мемлекеттік қызметте басқаруға лайықты, біліктілігі жоғары, кәсіби мамандардың келуін көздейтін меритократия қағидаларын жетілдірудің маңыздылығын айқын көрсетеді. Аталған бағыт бойынша Агенттіктің аумақтық департаменті тарапынан жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Тоқтамас ЖҮМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы.

■ КИБЕР

ИНТЕРНЕТ ПЕН АЛАЯҚТЫҚ

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ ҚОҒАМ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДІТКЕНІМЕН, СОНЫМЕН ҚАТАР ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ ДЕ АЛҒА ШЫҒАРДЫ. СОНЫҢ БІРІ – ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ПЕН КИБЕРҚЫЛМЫС.



Бүгінде бұл мәселе тек ірі қалаларда ғана емес, аудан-ауыл тұрғындары үшін де өзекті болып отыр. Осыған байланысты Түпқараған ауданы әкімдігі жанында өткен аппараттық жиналыста аталған тақырып кеңінен талқыланды.

Жиын барысында аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Бауыржан Түрсебаев «Интернет-алаяқтық пен киберқылмысқа қарсы күрес» тақырыбында баяндама жасап, қазіргі таңда жиі кездесетін қылмыс түрлері, олардың жасалу жолдары және алдын алу шаралары жөнінде жан-жақты мәлімет берді.

Интернет-алаяқтықтың кең тараған түрлеріне хабар берген баяндамада соңғы жылдары интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің саны артқаны атап өтілді. Ең жиі кездесетін тәсілдерге: өзін банк немесе құқық қорғау органы қызметкері ретінде таныстырып, телефон арқылы хабарласу; жалған интернет-дүкендер мен әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы ақша бопсалау; фишингтік сілтемелер жіберу арқылы жеке деректерді қолға түсіру; мессенджерлер арқылы «жеңіл табыс», «инвестиция», «жедел несие» ұсыну секілді алдау жолдары жатады.

Көп жағдайда алаяқтар азаматтардың сеніміне кіріп, асығыс шешім қабылдатуға тырысады. Нәтижесінде адамдар банк картасының деректерін, бір реттік SMS-кодтарды немесе жеке мәліметтерін өз еркімен беріп қояды.

Жеке деректер қауіпсіздігі – басты назарда болуы шарт. Полиция подполковнигі Б. Түрсебаев жеке деректердің қауіпсіздігін сақтау әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі екенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, интернет-алаяқтықтың құрбаны болмау үшін қарапайым, бірақ маңызды ережелерді сақтау қажет: күмәнді қоңыраулар мен хабарламаларға сенбеу; белгісіз сілтемелерге өтпеу; банк картасының нөмірін, CVV-кодты және бір реттік парольдерді ешкімге бермеу; әлеуметтік желілерде жеке

ақпаратты шектен тыс жарияламау.

Сондай-ақ азаматтарға банк немесе мемлекеттік орган қызметкерлері телефон арқылы жеке деректерді сұрамайтыны ескерілді. Мұндай жағдайда әңгімені бірден тоқтатып, ресми байланыс арналары арқылы ақпаратты тексеру ұсынылады.

Полицияның алдын алу бағытындағы жұмыстары тоқтмайды. Жиында интернет-алаяқтық пен киберқылмысқа қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екені айтылды. Осы бағытта аудандық полиция бөлімі түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп, кездесулер, дәрістер және ақпараттық науқандар ұйымдастыруда. Сонымен қатар полиция қызметкерлері киберқылмыстың алдын алу мақсатында тұрғындардың құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөліп отыр. Мұндай жұмыстар халықтың сақтық деңгейін күшейтіп, қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді.

Интернет-алаяқтық пен киберқылмыс – заман талабымен бірге пайда болған күрделі мәселе. Онымен күресте заң талаптары қатаң сақтау ғана емес, әр азаматтың жеке сақтығы мен жауапкершілігі шешуші рөл атқарады. Түпқараған ауданында өткен аппараттық жиналыс осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын көрсетті.

Құқық қорғау органдары тұрғындарды қырағылық танытуға шақыра отырып, интернет кеңістігіндегі қауіптерге бейжай қарамауға үндейді. Себебі сақтық – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың ең тиімді жолы.

■ ЕЛМЕН ЕТЕНЕ

БАУТИН АУЫЛЫ МЕН ОҒАН ҚАРАСТЫ АТАШ ЕЛДІ МЕКЕНІДЕП ЕСКІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА ҮЙ ИЕЛЕРІМЕН АРНАЙЫ КЕЗДЕСУ ӨТІП. СОҢҒЫ УАҚЫТТА ТҮРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН, ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҮЙЛЕРДІ СҮРУ МӘСЕЛЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АРЫЗ-ШАҒЫМДАР ЖИЛЕП КЕТТІ. АТАЛҒАН МӘСЕЛЕ БҰҒАН ДЕЙІН ДЕ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕП КЕЗДЕСУЛЕРДЕ БІРНЕШЕ РЕТ КӨТЕРІЛГЕН.

ТҮРҒЫНДАР
ПІКІРІ ТЫНДАЛДЫ

Бұған дейін өткен жылдары Баутин ауылындағы кейбір үйлер иелерінің келісімімен сүру жұмыстары жүргізілген болатын. Бұл жолы аудан әкімінің орынбасары Дидарбек Жантуаровтың төрағалығымен өткен кездесуде тұрғындарға қолданыстағы заңнама талаптары мен мәселені шешу жолдары жан-жақты түсіндірілді.

Жиын барысында үй иелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, сурақтарына жауап берілді. Кездесу қорытындысы бойынша тұрғындардың бір бөлігі ұсынылып отырған шешімдермен ішінара келісетіндерін білдірсе, кейбірі қосымша уақыт қажет екенін жеткізді. Сонымен қатар ескі тұрғын үйлер мен пайдаланылмай тұрған ғимараттардың иелері аталған нысандарды сүру бойынша өз келісімдерін беріп жатқанын атап өтті.

Жиын барысында қауымдастық мүшелері тарапынан бос тұрған мекеме ғимараттарын да сүру жөнінде ұсыныстар айтылып, бұл бағыттағы жұмыстарды кезең-кезеңімен жүргізу қажеттігі көтерілді.

Аталған ұсыныстар мен пікірлер назарға алынып, тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп, заң талаптарына сәйкес шешу жолдары қарастырылатын болады.

— Тұрғындар көтерген әрбір мәселе назардан тыс қалмайды. Алдағы уақытта да халықпен ашық форматтағы кездесулер өз жалғасын табады, — деді Д. Жантуаров. Кездесуе мәслихат төрағасы Айнагул Байбатырова, Баутин ауылының әкімі Еркебұлан Жеткізенов және жауапты мекеме өкілдері және үй иелері қатысты.

Риназ ТЕМІРХАН.

ӨЗЕКТІ

СТАЛКИНГ деген не?

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖИІ АЙТЫЛЫП ЖҮРГЕН СТАЛКИНГ СӨЗІН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ? БҰРЫНДАРЫ БҰЛ СӨЗДІҢ МӘНІН ДӘСТҮРГЕ, КЕШІРІМГЕ ЖЫЛЫ ЖАУЫП ҚОЯ САЛАТЫН БОЛСАҚ, ҚАЗІР ОНЫҢ БІРНЕШЕ МӘСЕЛЕНІҢ БАР ЕКЕНІН БІЛДІРЕТІНІН ПСИХОЛОГ МАМАҢДАР ДА, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ КОУЧТАР ДА ДАБЫЛ ҚАҒЫП АЙТЫП ЖҮР. ӘСІРЕСЕ 2025 ЖЫЛДЫҢ ӨЗІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ СТАЛКИНГ-КЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕНГІЗІЛГЕНІ ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНДА ҮЛКЕН ЖАҒАЛЫҚ БОЛДЫ. БҰЛ СТАЛКИНГ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТТІЛІГІН КҮШЕЙТТІ.

Алдымен бұл сөздің нені білдіретінін анықтап алайық.

Сталкинг – бұл бір адамның басқа адамды оның еркіне қайшы, қайталанып бақылау, байланыс орнату немесе қудалау әрекеттері арқылы мазасын алуы, қорқытуы және психологиялық қысым көрсетуі. Бұл физикалық зорлықсыз болса да, жәбірленушінің жеке өміріне елеулі зиян келтіреді: үрей, қорқыныш, алаңдаушылық тудырады және оның қалыпты өмір сүруіне кедергі жасайды. Демек, бұл сіз бен біз жай кешіріммен қарай салатын жай дүние емес. Психологиялық ауытқудан бастап, қылмысқа апарар бұл мәселе қоғам назар аударуы тиіс дабылды жағдай.



Дәстүрлі түрде сталкингке мыналар жатады: үнемі қоңыраулар мен хабарламалар жіберу, әлеуметтік желілердегі тосқауылсыз байланыс, соңынан қалмау, ізін аңду, жеке ақпаратты жинау және оны жалған мақсаттарда пайдалану, жеке кеңістікке ену немесе бақылау әрекеттері. Жалпы, әлемдік зерттеулерге сүйенсек, сталкингтің көп бөлігінде ерлер — негізгі жасаушылар, ал әйелдер — жиі құрбандар (шамамен 80–90 пайызы ерлердің үлесінде).

Қазақстандағы заңнамалық жаңалық — қылмыстық жауапкершілік. 2025 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне алғаш рет 115-бап — «Сталкинг» енгізілді. Бұл бастама «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында азаматтардың жеке бас бостандығы мен қауіпсіздігін қорғауды күшейту мақсатында жүзеге асырылды.

Заңға сәйкес, сталкинг — адаммен қарым-қатынас орнатуға немесе оның ізіне түсету бағытталған заңсыз, қайталанатын, зорлықсыз, бірақ елеулі зиян келтіретін әрекеттер. Бұл ұғым жеке өмірге қол сұғу, қозғалыс еркіндігін шектеу, психологиялық қысым көрсету сияқты нақты зияндармен сипатталады.

- Жаза түрлері:
- 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл;
 - 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар;
 - 50 тәулікке дейін қамауға алу.

Егер сталкинг қорқыту, бопсалау немесе жеке өмірге заңсыз араласумен қатар жүрсе, онда ол Қылмыстық кодекстің басқа баптары бойынша да қарастырылуы мүмкін. Мұндай бопсалау түрін елімізде танымал тұлғалардың да ұшырағаны әлеуметтік желілерде жиі айтылып жүр.

Қазақстанда сталкинг әлі салыстырмалы түрде жаңа зерттеліп жатқан құбылыс. Бір ғылыми мақалада сталкинг салқын қызығушылықтан туындайтын зомбылықтың жаңа формасы ретінде қарастырылып, оның гендерлік зорлық-зомбылықпен байланысы талданған. Бұл зерттеу сталкингтің тек жеке оқиға емес, әлеуметтік және психологиялық контексті бар күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Аталған еңбекте сталкинг үш түрге бөлінеді: бұрынғы серіктесті қуу (ex-partner stalking), таныс адамнан қуу, бейтаныс адамнан қуу.

Қазіргі кезде Қазақстанда сталкингке қатысты жалпы статистикалық мәліметтер жоқ. Ресми құқық қорғау органдары бұл қылмыс бойынша толық деректер жарияламайды. Академиялық зерттеулер өте шектеулі, көбінесе сталкинг басқа зорлық-зомбылық проблемаларымен, атап айтқанда, отбасылық зорлық-зомбылықпен байланысты қарастырылады. Сондай-ақ Қазақстанда сталкингтің құрбандарына психологиялық тұрғыдан әсерін талдайтын арнайы зерттеулер әзірге жүргізілген жоқ. Алайда әлемдік әдебиетте бұл мәселе кеңінен зерттелген: сталкинг құрбандары көбіне қорқыныш, алаңдаушылық, ұйқысыздық және посттравмалық күйді сезінеді.

Өткен жылдың күзінде Атырау облысында алғаш рет сталкинг бойынша қылмыстық іс қозғалды. Онда ер адамның әйелдің үйіне түнде кіріп, терезесінен үңіліп, бірнеше әйелді бақылағаны туралы шағым түскен. Бұл жағдай бастапқыда әкімшілік құқықбұзушылық ретінде қаралғанымен, кейін сталкинг бабына сәйкестендірілді. Аталған оқиға сталкингтің тәртіптік әрекеттерден қылмыстық деңгейге өтуінің нақты мысалы болып отыр.

Ресми сталкинг статистикасы Қазақстанда әлі қалыптаспағанымен, гендерлік зорлық-зомбылық бойынша зерттеулер бар. Халықаралық есептерге сәйкес, Қазақстандағы үй ішіндегі зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі — әйелдер, әрі гендерлік зорлықтың жоғары деңгейі байқалады.

Әлемдік зерттеулерге сәйкес, сталкинг құрбандарының басым бөлігі — әйелдер, ал сталкерлер көбіне бұрынғы немесе қазіргі романтикалық серіктестер болып келеді. Бұл үрдіс Қазақстанда да бар деп есептеледі, алайда нақты әлеуметтік деректер жоқ. Күні кеше қоғамды дүр сілкіндірген Нұрайдың өлімі де осы сталкингпен тікелей байланысты. Алдымен «дәстүр» деген желеумен сүйтім деп қыз алып қашу — заң тұрғысынан адам ұрлау болып табылады. Бұл — біз сөз етіп отырған сталкерліктің бір көрінісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың V отырысында бұл мәселеге арнайы тоқталды: «Қыз алып қашу — адам ұрлау деген сөз. Бұл — ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел жабайы қылмыс. Мұндай қатыгездікке ешқашан жол беруге болмайды. Заң мен тәртіп — бәріне ортақ», — деді Президент.

Сталкинг — жеке өмірге елеулі зиян келтіретін заңсыз қудалау құбылысы және Қазақстанда жаңа қылмыс ретінде заңнамалық тұрғыда танылды. Бұл тақырыптың зерттеу әлеуеті жоғары, өйткені қазіргі уақытта елде сталкинг туралы академиялық деректер өте шектеулі. Қылмыстық істер практикасы енді ғана қалыптасып келеді, ал құқық қорғау органдары бұл жаңа бапты тиімді қолдануға бейімделу үстінде.

Алдағы уақытта сталкинг бойынша жалпы статистиканы жинақтау, психологиялық және әлеуметтанулық зерттеулерді дамыту, құрбандарға көрсетілетін психологиялық көмекті күшейту аса қажет. Себебі әрбір сталкерлік жағдайдың артында үлкен бір отбасының психологиялық мәселесі жатыр. Қоғамдық ақпараттық науқандар арқылы сталкингтің қауіптілігі туралы кеңінен түсіндіру, сондай-ақ халықаралық тәжірибені зерделеу — бүгінгі күннің маңызды талабы.

Милана ЕЛЕУСІНОВА.

АУДАНДА ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ САЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛЫП, БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ МАХМУТ КЕРІМ МӘЛІМДЕДІ.



Өткен жылы аудан аумағындағы жер көлемі едәуір ұлғайды. Нақтырақ айтқанда, бұрынғы 807 699,2 гектардан 1 251 841,2199 гектарға кеңейіп, жалпы жер алаңы 2 073 311,8369 гектарды құрады. Жер санаттары бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 418,1 мың гектарды, өндіріс және байланыс жерлері 0,53 гектарды, су қоры жерлері 1,251 миллион гектарды, ал босалқы жерлер 338,6 мың гектарды құрап отыр. Қала және ауылдық елді мекендердің жер көлемі 64,3 мың гектарды құрайды.

2025 жылы қаңтардан бастап желтоқсан айының соңына дейін аудан аумағында 16 жер учаскесі аукцион арқылы жеке және заңды тұлғаларға беріліп, олардың жалпы көлемі 16 гектарды, ал сомасы 17,352 миллион теңгені құрады. Сонымен қатар шаруа қожалығын жүргізу мақсатында 29 жер учаскесі конкурсқа шығарылып, соның ішінде 20 жер учаскесі, яғни 420 гектар жер табысталды.

Бөлім тарапынан әртүрлі мақсаттарда жеке және заңды тұлғалармен барлығы 372 келісімшарт жасалды. Бюджетке түсімдер бойынша да оң нәтиже байқалады. Жер учаскелерін сатудан жоспарланған 13 миллион теңгенің орнына 16 миллион теңге түсіп, жоспар 119 пайызға орындалды. Жерді жалға беру құқығы бойынша жоспарланған 106 миллион теңге толық көлемде итерілді. Сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сатудан жоспарланған 20 мил-

ЖЕР САЛАСЫНДАҒЫ ОҢ ДИНАМИКА

лион теңге 100 пайыз орындалып, салада тұрақты оң динамика қалыптасты.

Ауданға қарасты елді мекендерде жер учаскелерін беру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Форт-Шевченко қаласы бойынша 900 жер учаскесін, Таушық ауылынан 234 жер учаскесін беру жоспарланған. Ал Ақшұқыр ауылында 884 жер учаскесіне дайын алаң жасақталып, ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін ауыл әкімінің шешімімен 264 жер учаскесі тұрғындарға табысталды.

Мемлекет меншігіне жер учаскелерін қайтару бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Әуесжай маңындағы жалпы көлемі 555 гектарды құрайтын 31 жер учаскесіне қатысты қайтару шаралары жүргізілуде. 2025 жылдың қыркүйек айында жерлердің бағалау құны анықталып, жалпы сомасы 313 миллион теңгені құрады. Қараша айында аталған қаражат бойынша аудандық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім жолданды.

Қазіргі таңда 16 жер учаскесінің иелерімен келісімге қол жеткізілді, құрылысы бар 7 жер учаскесін көшіру жұмыстары жоспарланған. Қалған учаскелер бойынша сотқа талап арыздар әзірленіп, оның ішінде 3 жер учаскесіне қатысты іс сотқа жолданды.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында да көрсеткіштер жоғары деңгейде. 2025 жылдың соңына дейін бөлім тарапынан 3 894 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 3 610-ы жеке тұлғаларға, 284-і заңды тұлғаларға ұсынылды. Қызметтердің басым бөлігі, яғни 3 763-і электронды форматта көрсетіліп, 131 қызмет баламалы түрде орындалды.

Сонымен қатар 2025–2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару

және пайдалану жоспары әзірленіп, бұқаралық ақпарат құралдары мен ашық порталдарға жарияланды. Құжат барлық келісуші мекемелермен мақұлданып, алдағы аудандық мәслихат сессиясының қарауына ұсынылмақ.

Тұрғын үй құрылысы бойынша да аудан белгіленген жоспарды артығымен орындады. Облыстық құрылыс басқармасының жоспарына сәйкес, 2025 жылы аудан бойынша 24 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуі тиіс болса, 1 желтоқсанға дейін 120 тұрғын үй тапсырылып, жалпы көлемі 25 807 шаршы метрді құрады. Нәтижесінде жоспар 103 пайызға орындалды.

Сонымен қатар жерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша белгіленген 20 мың гектарлық жоспар аясында «Қарағандық» ЖШС-нан 83,635 мың гектар және жеке тұлғадан 50 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, бұл бағытта да оң көрсеткішке қол жеткізілді.

Форт-Шевченко қаласының бас жоспарына түзету енгізу жұмыстары да кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда. 2024 жылы «Урбостиль» ЖШС-мен жалпы құны 66 миллион теңгені құрайтын келісімшарт жасалып, жобалау жұмыстары толық орындалды. Жоба 2025 жылдың қараша айында мемлекеттік сараптамаға ұсынылғанымен, сараптама ескертпелеріне сәйкес құжаттың атауы мен техникалық тапсырмасы қайта нақтыланды. Қазіргі таңда жоба мемлекеттік сараптамада қаралуда, қорытындысы 2026 жылдың қыркүйек айында шығуы жоспарланып отыр.

Жалпы алғанда, 2025 жылы ауданда жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы саласында жоспарлы жұмыстар жүйелі жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін беретін нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

ТҮБЕКТІ ТҮЛЕТКЕНДЕР

«Өткенді ұмытпаған – өшпейді»

Билл Форт-Шевченко қаласына 180 жыл толғалы отыр. Осыған орай қаламызды дамыту және көркейтуге еңбегі сіңген елеулі азаматтар туралы материалдар жариялап келеміз. Соның бірі – аудандық комсомол, партия комитеттерінің секретары, қалалық атқару комитетінің председатели болған Диханбек Сатимов ағамыз туралы болмақ.

«Батырдың айбаты қалады, Ердің қайраты қалады. Дананың сөзі қалады, Қалқына еңбек еткен, Дегеніңе жеткен, Армансыз кезі қалады», – деген екен.

Диханбек Сатимов 1926 жылы 20 мамырда Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласы, Баутин елді мекенінде туған. 1941 жылы С.М. Киров атындағы орта мектептің 8 класын, кейін осы мектептің 10 класын сырттай оқып бітірген.

Диханбек Сатимов еңбек жолын 1942 жылы III Интернационал колхозында балықшылықтан бастап, сол колхозда секретарь, көмекші бухгалтер қызметтерін атқарды. Ал 1948–1950 жылдары Шевченко аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары болып, жастарға саяси жетекшілік етті. Ол жылдары партияның да, комсомолдың да беделі артып, әрбір жауапты жұмысқа қызметкерлерді елеп-екшеп, сын мен тәжірибеден өткізіп барып қоятын. 1946–1950 жылдар бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру жылдары деп аталып, соғыстан кейінгі

ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ҚАЙРАТКЕР

қалпына келтіру жұмыстарында бүкіл Совет Одағының азаматтары жан аямай еңбек етті. Ол да соғыс уақытындағыдай қауыр, күн-түнмен санаспай, тек партия салған алға деген ұранмен жұмыс істеген шақ. Үлкендер біледі, жұмыстан бес минут кешіксе, сотталып кете беретін де сол кезең. Тәртіп соғыс кезіндегіден кем болған жоқ, қатал болды.

1949 жылы КПСС мүшелігіне өтті. 1954 жылы үгітші әрі Шевченко аудандық партия комитетінің бөлім бастығы болып жүрген жерінен партия органдарының басшылары оны Алматы жоғары партия мектебіне оқуға кете беретін де сол кезең. Тәртіп соғыс кезіндегіден кем болған жоқ, қатал болды.

1958–1959 жылдары Шевченко аудандық партия комитетінің секретары, екінші секретары, 1959–1965 жылдары Шевченко, Маңғыстау аудандары атқару комитеті председателинің орынбасары, 1965–1973 жылдары Шевченко қалалық атқару комитетінің председатели лауазымды қызметтерін атқарды. Одан кейін қалалық байланыс бөлімі бастығының орынбасары, МРХФ-да және басқа да мекемелерде қызмет істеді. Республикалық дәрежедегі дербес пенсионер болды.

Диханбек Сатимовты 1992 жылы Түпқараған аудандық соғыс және еңбек

ардагерлері советінің председателине сайланып, осы жұмысты өмірінің соңына дейін атқарды.

Д. Сатимов аудандық, облыстық комсомол және партия комитеттерінің мүшесі, 1948–1972 жылдары Форт-Шевченко, Маңғыстау аудандарының, Гүрьев облыстық еңбекшілер депутаттары советтерінің депутаты болып сайланды. Диханбек Сатимовтың еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдармен наградталды. 1993 жылы дүние салды.

Диханбек Сатимовтің есімін есте қалдыру мақсатында туған жері Баутин кентіндегі бір көшеге аты берілді. Бүгінде шаңырағының тұтқасын баласы Тимур ұстап отыр.

«Байтақ елге асқар таудай пана екен» – деген сөзді қайраткерге ағалары атынан берілген баға деуге болады. Асқар таудай Диханбек ағамыздың тулғасы мен өнегелі өмірі әрқыз жігерлендіріп, баянды істерге жетелей бермек.

Диханбек Сатимов туралы құжаттар мен фотосуреттерді музей қорына немересі Сатимова Алма тапсырды.

Айгүл БАЛАБАЕВА,
Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Түпқараған аудандық филиалының меңгерушісі

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сайлау КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Форт-Шевченко қаласы №2 2026 жылғы 21 қаңтар

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласының әкімін сайлау кезінде аумақтық сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының б) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, Түпқараған аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы әкімінің сайлау кезінде Форт-Шевченко қаласының аумағында аумақтық сайлау округі құрылсын.

2. Сайлау округінің тізімі, оның шекарасы мен аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жері, құрамы көрсетіле отырып бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында және Түпқараған аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға
Хатшы

Д. Меңдіханов
Р. Башенова

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сайлау КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Форт-Шевченко қаласы №3 2026 жылғы 21 қаңтар

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14, 113-1 - баптарына сәйкес, Түпқараған аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы әкімінің сайлауы 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалсын.

2. 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында және Түпқараған аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға
Хатшы

Д. Меңдіханов
Р. Башенова

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласының әкімін сайлау кезінде сайлау округінің тізімі, шекарасы және Түпқараған аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері, құрамы туралы ХАБАР

Форт-Шевченко қаласының аумағындағы аумақтық сайлау округі

Шекарасы: Форт-Шевченко қаласының барлық үйлері

Түпқараған аудандық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Форт-Шевченко қаласы, Н.Оңғалбайұлы көшесі № 2 үй, 20 бөлме, телефон: 8 72938 (код) 22925

Комиссия құрамы:

Төраға - Меңдіханов Дәулеткерей Оразалыұлы
Төраға орынбасары - Бисенова Гаухар Болатовна
Хатшы - Башенова Рахат Бибитовна

Комиссия мүшелері: Балибаева Шынар Кынабайқызы, Бердигулов Сұлтанғали Кенжебаевич, Казбаншаева Эльмира Айдынгалиевна, Түрмұқанбетов Жалғас Берекесұлы.

САҚТЫҚ

МҮЗДА САҚ БОЛЫҢЫЗ!

КҮН СУЫТЫП, МҮЗ ҚАТУ МЕРЗІМІ КЕЛДІ. БАЛАЛАР СЫРҒАНАП, БІРЕР САФАТ МҮЗҒА ШЫҒУҒА ШЫДАМСЫЗДЫҚ ТАНЫТАДЫ. АЛҒАШҚЫ МҮЗ ӨТЕ ҚАУІПТІ. БІЗДІҢ АУДАНДА ЖЕЛТОҚСАН-ҚАҢТАР АЙЛАРЫНДА МҮЗ ҚАТА БАСТАЙДЫ. БҮЛ КЕЗДЕ МҮЗ ЖҮҚА БОЛЫП, АУЫР САЛМАҚТЫ КӨТЕРЕ АЛМАЙДЫ. АБАЙСЫЗДЫҚ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙҒА ӘКЕЛІП СОҒУЫ МҮМКІН.



Балалардың тәжірибесі жоқ, қауіпсіздік шараларын толық білмейді. Әуестік сезімі қауіпсіздік сезімінен басымы болып, мұз үстіндегі ережелерді елемей жатады. Сол себепті қайғылы жағдайға жиі ұшырап, кейде өмірімен қоштасып жатады.

Тыйым салынады:

• мұздың қалыңдығы 7 сантиметрден жұқа болса, мұз үстіне шығуға;

• дұрыс қатпаған, бетін қар басып қалған мұз үстінде сырғанауға және топталып тұруға;
• мұз үстіндегі белгісіз жерлерге, жағалаудағы жардан сырғанап түсуге;
• тез ағатын суы бар жерлерде, бұлақ маңында ойнауға;
• мұз үстімен қауіпсіздік белгілері жоқ жерден өтуге;
• мұздың қалыңдығы 25 см-ден аспайтын жағдайда мұз айдынын жасауға;
• тәулік бойы ауа температурасы құбылып тұрса, әсіресе түнгі уақытта мұз үстіне шығуға.

Қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін балаларға қамқорлық білдіріңіздер! Балалардың өмірін сақтаңыздар! Тек мұз үстінде болу ережелерін сақтау арқылы ғана қайғылы жағдайдан сақтануға болады.

ҚАУІПСІЗ ГАЗ!

ҚАЗІРП ТАҢДА АУДАН ХАЛҚЫ БАЛЛОНҒА СЫҒЫМДАЛҒАН ПРОПАН, БУТАН ГАЗДАРЫН КҮНДЕЛІКТІ ТҮРМЫСТА АС ӘЗІРЛЕУГЕ ЖӘНЕ ҮЙ ЖЫЛЫТУҒА ПАЙДАЛАНАДЫ.

Газды пайдалануда жіберілген қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Бір адамның ұқыпсыздығы мен қауіпсіздік ережелерін сақтамауы салдарынан бірнеше отбасы қайғылы жағдайға тап болып, зардап шегуі мүмкін. Қарапайым ережелерді елемей орны толмас өкінішке әкеліп

соғады.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес автогаз кую станцияларында сұйытылған мұнай газын тұрмыстық газ баллондарында толтыруға қатаң тыйым салынады.

Алайда тұтынушылар тұрмыстық газ баллондарды автогаз кую станцияларында толтырып қана қоймай, газ қысымын белгіленген нормадан асыруды да талап етеді. Газ баллонын суық жерден жылы орынға кіргізген кезде баллон ішіндегі газ көлемі ұлғайып, қысымның артуына әкеледі. Соның салдарынан газ баллонынның түтігінен газ шығуы, газ иісінен улану, тіпті жарылыс сияқты апаттық жағдайлар жиі орын алады.

Сондықтан оқыс оқиғалардың алдын

алу мақсатында Ақтау қаласы мен елді мекендерде сұйытылған газ нарығында халыққа қызмет көрсететін арнайы мамандандырылған, рұқсаты бар газ тарату және газ толтыру стансаларының қызметін пайдаланған жөн.

Газ пайдаланатын қондырғылар жарамсыз болған жағдайда арнайы газбен жабдықтау ұйымының қызметкерін шақыру қажет. Газ баллонын пайдалану орындарында от жағуға, темекі шегуге, ақаулы электр жарық шамдары мен электр құралдарын қосуға болмайды.

Төтенше жағдай орын алған кезде 101, 112 телефон нөмірлеріне хабарлауларыңызды ескертеміз.

А. АТРЕКОВ,
аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ!

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС «Жангүрши кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс шараларының жоспарыбойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 2 наурызда сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты. Географиялық координаттар: Ендік 44°19'30, Бойлық 50°57'00

Онлайн қосылымға сілтеме: [Тапсырыс беруші: «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, БСН 000740003881, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел: 87711060688.](https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NhcZg8cvaRkFE9WYlZrpvVJa.1Konferenция идентификаторы 839 9111 4927. Кіру коды: ywL0nY</p>
</div>
<div data-bbox=)

Жобаны әзірлеуші: «Gals» ЖШС, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел: 87789166528.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ!

ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к «Проекту консервации последствий недропользования м/р Жангүрши» и ППМ. Слушания состоятся: 2 марта 2026 года в 11:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, село Таушык, в здании акимата. Географические координаты: Широта 44°19'30, Долгота 50°57'00

Ссылка на онлайн подключение: [Заказчик: ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ», БИН: 000740003881, г.Ақтау, 4 мкр, 42 здание, 3 этаж, тел: 87711060688.](https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NhcZg8cvaRkFE9WYlZrpvVJa.1Konferenция идентификаторы 839 9111 4927. Код доступа: ywL0nY</p>
</div>
<div data-bbox=)

Разработчики проектов: ТОО «Gals», г.Ақтау, 5 мкр, 8 дом, офис 110, тел: 87789166528.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте БЭП <https://ndbecology.gov.kz/>.

Түпқараған ауданының әкімдігі, аудандық мәслихаты, аудандық ардагерлер кеңесі және қоғамдық кеңесі атынан өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан белгілі саясаткер, атбегі

Тілеген Өрісбаевтың

дүниеден өтуіне байланысты қайғыра отырып, марқұмның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтамыз. Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

Меншік иесі:

**MAŃGYSTAŪ
MEDIA**

Директор
Ануарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел/факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



**Ақкетік
арайы**

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.

Редактор –
Милана ЕЛЕУСІНОВА.
Тілшілер – Ринат ТЕМІРХАНОВ,
Ернар МАРАТ.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді

Жетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАНОВА

Беттеуші дизайнер –
А.Рабаева

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.



■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 468. Индекс: 65809.
Тапсырыс нөмірі: 0097
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

27 қаңтар
түнде: -7 | күндіз: -1

28 қаңтар
түнде: -6 | күндіз: -1

29 қаңтар
түнде: -5 | күндіз: 0

30 қаңтар
түнде: -2 | күндіз: 0

31 қаңтар
түнде: -2 | күндіз: +1

Қаладағы жаңа

аллея

ОЙМАҒЫ АЛТЫН ТІГІНШІ ХАДИША АПА

*Кешегілердің еңбегін елемесек,
бүгінгіміздің көңіліне қарамасақ –
ертеңгілерді қайдан қарық қыламыз?!*
Әбіш КЕКІЛБАЕВ.

Халыққа еткен еңбектерінің нәтижесінде жақсы істерімен көрініп, абыройы мен беделінің арқасында ел-жұртының құрметіне бөленген азаматшаларымыз көптеп кездеседі.

«Әйелдің ең бірінші парызы ине мен жіптің парқын білу немесе тігіншілік өнерін терең меңгеру...» деп ағылшын жазушысы Оскар Уайльд айтқандай, бүгін мен тігін саласында 35 жыл қызмет еткен, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Дүйінбаева Хадиша апамыз туралы айтпақпын.

Дүйінбаева Хадиша 1945 жылы қаңтар айының 3 жұлдызында Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласында қарапайым отбасында дүниеге келді. Қазіргі Е.Өмірбаев (бұрынғы С.М.Киров) атындағы мектептің түлегі, өзінің қызметтік жолын 1961 жылы Н.Крупская атындағы артельден бастаған.

Артынан тігіншілік курстарға барып білімін жетілдіріп, киім пішіп, тігуге әбден машықтанып алған. Менің анам Хадиша апаны өзінің тұрақты шебері қылып, киімдерінің барлығын тіктіретін.

Шеберліктен бөлек Хадиша апамның тегін бір қыры жастайынан ән айтуға құмарлығы.

Марқұм әкем осы «Торбыткомбинатта» ақпарат қызметін атқарған. Сол кезде мерекелік шараларға мені ертіп барған кезінде апамның халық әндерін сүйсіне айтуының ағымнан кеткен жоқ.

Бір кезде жергілікті газет бетінде жарияланған М.Кемердің «Ою өріп орден таққан» мақаласынан үзінді, кейіпкеріміздің өз сұқбат –сөзімен алғастырсақ.

– Мен алғаш рет жұмыс жасағанда он алты жаста едім. Киім тігемін деп әденеше рет көктеп, сөгіп, бір ісімді қайта-қайта жасап, киімді үгістеймін деп күйдіріп алып та әлекке түскенім бар. Бірақ, ақыры қоймай соңына дейін үйрендім. Қай нәрсені де істеймін деген ниетің болса, істейді екенсің. Артынан тігіншілік курстарға барып, білімімді жетілдіріп, киім пішу, тігуге әбден машықталдым.

Жалпы барлық киім түрлерін тігетінбіз. Соның ішінде көйлек, шалбар, костюм, пальто тағы басқа да заттар. Тұрмыстық қажетті өтеу комбинатында тігін цехымен бірге фотография, шашта-раз, етікші, прокат, тігулі киімдер сататын үлкен дүкен де болды.

1972 жылы Мен партия қатарына өткеннен кейін, партия мені жігерлендірді. Тіпті, сотта халық «заседатели» де болып, аудандық, облыстық, партия конференцияларына делегат болып сайланып, депутат болып талай рет сессияларға қатысып, көптеген мәселелерді шешуге атсалыстым. Қоғамдық жұмыстарға да қатыса жүріп, көп нәрсені үйрендім. Бұл маған өмір мектебі іспетте болды. Осы салада 35 жыл еңбек етіп 50 жасымда зейнеткерлікке шықтым.

Жолдасым автобазада 50 жыл жүргізуші болып еңбек еткен, бүгінгі таңдағы зейнеткер. Қазір 3 қыз, 1 ұлымыз бар. Екі қызымыз да геолог, Ақтауда жұмыста. Олардан бес немере көріп отырмыз.

Хадиша апаның марапаттары: «Еңбек Қызыл Ту» ордені; «Еңбек ардагері» медалі; «Маңғыстау облысына 35 жыл» мерекелік медалі; Н дәрежелі «Медаль материнства» медалі; «Ударник 50 пятилетки» белгісі; Қалалық партия комитетінің Құрмет грамотасы; Облыстық тұрмыстық қамту басқармасының Құрмет Грамотасы; Форт Шевченко қалалық Кеңесінің Құрмет Грамотасы; «Лучший по профессии» атағы; «Лучший работник отрасли народного хозяйства» атағы; 2019 «Ауыл еңбегі үшін»; 2022 жыл «Түпқараған ауданының Құрметті азаматы» атағы; 2022 жыл «Түпқараған ауданына 30 жыл» төс белгісі.

Түрлі-түрлі матаны, Көйлек етіп жатады. Барлық адам біледі, Киім тіккен Хадиша апаны дегендей Хадиша апаның қолынан шыққан бұйымдары біздің музей қорында сақтаулы.

Осындай беделді әйел-аналарға қуана да мақтана да қарай отырып, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбегімен қоғамдық өмірдің бел ортасында жүрген, ұл-қыздары жоғары білім алып, өнегелі отбасының ұйытқысына айналған - Хадиша апамыздың дара жолы, сара жолы жастарға үлгі боларлықтай.

Форт-Шевченко қаласының 180 жылдығына орай ауданымыздың әр саласында қызмет еткен, еңбегі сіңген тұлғалар туралы музей қызметкерлері мәліметтер жинауда. Дүйінбаева Хадиша апамыз туралы біраз мәліметтер жиналып папка жинақталды.

А.БАЛАБАЕВА,
музей меңгерушісі.



Құрметті оқырмандар!

**«Маңғыстау-Медиа» ЖШС
басылымдарына
жарнама, хабарландыру беру немесе
ақпарат алу үшін мына байланыс телефон-
дарына қоңырау шалсаңыз болады.**



87781459093. 8(7292)204842.

8(7292)204834.

pr@ogni.kz

жанның айтысқа қатысуы осы жаңашыл-дықтың жарқын мысалдарының бірі болып табылады.

Айтыс — қазақ халқының төл өнері, оны әлемдегі ең терең әрі күрделі поэзиялық жанр деп айтуға болады. Айтыс арқылы тек қана бәсекелестік емес, сонымен қатар қоғамның өзекті мәселелері мен адамдардың ішкі сезімдері, рухани әлемі көрініс табады. Айтыс өнері біздің мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады, бірақ соңғы бірнеше жыл-да оны дамытуға бағытталған нақты қадамдар аз болды. Осылайша, Орынбасар Сержан сияқты талантты жастардың айтыс алаңында өзін көрсетуі тек қана оның шығармашылығын көрсетіп қана қоймай, бүкіл ауданның мәдениетінің дамуына септігін тиізді.

Оның айтыс алаңындағы өнері кө-рермендерге эстетикалық ләззат сыйлап қана қойған жоқ, сонымен қатар аудан-ымыздың мәдениет үйі мен айтыс өнерін қайта жандандырып, үлкен жаңалық алып келді. Айтыстың басты ерекшелігі — мұнда қатаң бәсекелестік пен өзін араласқан өлкір сөздер арқылы қоғамның өзекті мәселелері көтеріліп, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға мүмкіндік туады.

Орынбасар Сержанның айтуынша, айтыс — бұл тек жеңіске жету ғана емес, сонымен қатар өзінің ойларын еркін, батыл және дәл айту мүмкіндігі. Оның сөзімен айтқанда, ай-тыс — өзінің ішкі әлемінді көрсету, өзінді та-ну және ұлттық мәдениетке деген құрметті білдіру құралы. Осылайша, оның айтысқа қатысуы аудан мәдениетінің дамуына жол ашып, жастардың өнерге деген қызығу-шылығын арттырды.

Орынбасар Сержан — тек айтыс алаңын-да ғана емес, өлең-жырларымен де өзін таны-мал еткен жас ақын. Оның шығармаларының басты ерекшелігі — қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, оның бай тарихын, сондай-ақ қазіргі заманның маңызды мәселелерін ұшғастыра білуінде. Ақынның шығарма-шылығында халықтың болашағына, ұлттық мұраға деген сүйіспеншілік айқын сезіледі. Ол өлеңдерінде өмірдің күрделі кезеңдерін, қоғамның өзгерістерін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды терең ойлай отырып жеткізеді.

Орынбасар Сержанның шығарма-шылығындағы маңызды тақырыптардың бірі — ұлттық бірегейлік пен жерілікті мәдениет-тің сақталуы. Бұл жерде оның айтыс алаңындағы айтқан сөздері ерекше маңызға ие. Әсіресе, оның «Ақкетік Астана емес қой, есімін ауыстыра салатын бір күнде» деген шумағы қазіргі қоғамның өзгерістеріне деген көзқарасын білдіреді. Бұл сөздерде тек қана Астананың есімін өзгерту мәселесі емес, жал-

рымызды құрметтеуге, оларды болашақта дамытуға шақырады.

Аудандық мәдениет үйі жақында ғана үлкен жетістіктерге жетіп, ауданның мәдени өмірін жаңа деңгейге көтергені анық. Бұл тек оның қызметкерлерінің қажырлы еңбегі ғана емес, сонымен қатар аудан тұрғындарының да мәдениетке деген үлкен қызығушылығы мен қолдауының нәтижесі. Мәдениет үйі болашақта тек қана өнер сүйер қауым үшін емес, жастар үшін де шығармашылықтың, мәдениеттің орталығына айналмақ. Орынба-сар Сержанның жетістігі осының жарқын дәлелі. Оның жеңісі — аудандағы мәдениет саласының жандануына, өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылықтың артуына үлес қосқан бірегей оқиға. Алдағы уақытта ауданымызда мәдениет үйі мен шығармашылық іс-шаралардың ауқымы кеңейіп, жас таланттарға жаңа мүмкіндіктер беріледі деп сенеміз.

Айтыс өнерінің маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеруімен ерекше өнер болғандықтан, халықтың сүйікті, көрер-меннің сұранысында өнері болып қала берері анық.

Айтыс — тек өнердің бір түрі ғана емес, ол қоғамның әлеуметтік құрылымын айқындайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, қоғамдық мәселелерді қоз-ғайтын алаң болып табылады. Қазақ хал-қының мәдениетінде айтыс тек эстетикалық қуаныш сыйламай, сонымен қатар қоғамның ішкі мәселелерін ашық білдіру құралы болып келеді. Әр дәуірде айтыс жаңа қоғамдық, сая-си, әлеуметтік мәселелерді көтеріп, тың-дармандарын ойлануға, халықтың ой-санасын қозғауға бағытталған. Айтыстың ба-сты ерекшелігі — оның қарапайым халыққа, қоғамның әртүрлі тобына әсер ете алатын-дығында.

Айтыс — қоғамның айнасы. Әрбір айтыс, әрбір сөзі халықтың рухани дүниесін, ұлттық мүддесін, өміріндегі өзгерістерді, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті көрсету арқылы сол қоғамның ішкі құрылымын айқындайды. Қазақ қоғамында айтыс кезінде көтерілетін мәселелер көбіне әлеуметтік әділетсіздік, сая-си жағдайлар, жергілікті билік, халықтың тұрмыс жағдайы сияқты маңызды тақы-рыптарды қамтиды. Мұндай мәселелерді ай-тыс өнері арқылы көтеру — қоғамдағы түйткілдерді байқатып, оларды шешудің жол-дарын іздеуге ынталандыру мақсатында жүзеге асырылады.

Айтыстың әдетте өлкір сөздермен, қара-пайым халықтың мұң-мұқтажын жеткізумен ерекшеленетінін ескерсек, айтыс қоғамның әлеуметтік мәселелеріне жаңа көзқарас ұсынады. Айтыс сахнасында ақындардың қолданатын метафоралары мен образдары

арақатынасы өте маңызды: олар өзара байла-нысып, бір-біріне әсер етеді.

Айтыс тек әлеуметтік немесе саяси мәсе-лелерді ғана көтеріп қоймай, халықтың руха-ни өміріне де әсер етеді. Айтыс өнері халықтың рухани әлемін, олардың ішкі сезімдерін, ұмтылыстарын көрсетеді. Орын-басар Сержанның айтқан сөздерінде терең ұлттық сананы, мәдениеттің тамырын, қазақ халқының рухани байлығын сақтау мәселесі бар. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс — ұлттық мәдениеттің сақталуына және оның дамуына ықпал ететін өнер түрі.

Айтыс өнерінің күшті жақтарының бірі — оның халықты бірлікке шақыруы. Өйткені айтыс сахнасында әрбір ақын өз ұлтының та-рихын, мәдениетін, тілін құрметтейді. Бұл айтыстың бірегейлігі мен оның қоғамға әкелетін пайдасын анықтайды. Айтыс өнері арқылы халықтың рухани әлемі бір деңгейде жарқып, жастарға ұлттық құндылықтарды, тарихты, мәдениетімізді қайтадан зерттеп, қадірлеуге мүмкіндік береді. Орынбасар Сержанның айтысындағы әлеуметтік мәселелерді, ұлт болашағына қатысты айтқан ойлары жастардың санасын оятып, олардың өз тарихына деген қызығушылығын артты-рады.

Айтыс өнері арқылы ұрпақтар сабақ-тастығын нығайту да маңызды. Бұл өнер түрі өткенді ұмытпай, келешек ұрпаққа жеткізу үшін үлкен мүмкіндік береді. Әрбір айтысшы өз өнерімен, сөздерімен болашақ ұрпаққа жол көрсетіп, халықтың бай мәдени мұрасын сақтайды. Орынбасар Сержанның айтысқа қатысуы — жастардың осы ұлттық өнерге қызығушылығын арттырып, оларға өздерінің тарихи және мәдени құндылықтарын сақ-тауға сәлемтеседі. Алдағы уақытта Сержанды Жүрсін ағамыздың сахнасынан көру бұйырсын. Облысқа аудан атын шығарып жүрген жас ретінде біз көп жастар қадам ба-са бермейтін бағытта жүрген жас туралы жа-зуды жөн көрдік.

Айтыс — қазақтың ұлттық өнері ретінде тек халықтың мұң-мұқтажын білдіріп қана қоймай, қоғамдық өзгерістер мен әлеуметтік мәселелерді көгеретін күшті құрал болып та-былады. Орынбасар Сержанның айтқан сөздері осы өнердің маңыздылығын және оның қазіргі қоғамдағы орнын айқын көрсетеді. Айтыс қоғамның айнасы ретінде халықтың рухани әлемін, саяси, әлеуметтік жағдайын көрсетіп, сол арқылы өзгерістерге ықпал етеді. Қоғамдағы өзгерістер мен мәселелерді осы өнер арқылы жеткізу, олардың шешімдерін іздеу — айтыстың ба-сты міндеттерінің бірі. Айтыс өнері жастарды ұлттық мәдениетімізбен таныстырып, олардың өзіне деген сенімін арттырады, ру-хани байлығымызды қайта жаңғыртады.

1. Іс-шара. Жоба аясында ең алдымен гулл диск арқылы Маңғыстаудың реес-трге тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлерінен жобаға қатысуға өтінім қабылданды. Жалпы Маңғыстауда реестрге тіркелген 59 әлеуметтік кәсіпкер бар. Солардың ішінде 19 адам өтінім беріп, қатысты. 6 қазан күні комиссия отырысы болды. Комиссия мүшелері – Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының «Кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің» бас ма-маны Ерниязова Асел Маликқызы, «Риза-ана» қоғамдық қорының директоры Рамазанова Бибігүл Дүйсеғалиқызы, қоғамдық қордың мүшесі Сұлтанбаева Меруерт Құлмұратқызы.

Жалпы жоба аясында 59 әлеуметтік кәсіпкердің жетістігіне қарай 12 адам туралы сюжет түсірілді. 7 адам билбордқа орналастырылды, 3 адам Астанаға тағылымдамаға лайықты деп танылды. Олар Ермағамбетова Қаракөзайым «Жарық» балаларға қосымша білім бе-ру орталығы Бейнеуде және Ақтауда бар. Арықова Роза «Logo Спектор» түзете-дамыту орталығы, Шахатова Гаухар Нұрланқызы «Алақан» балаларға арналған дамыту орталығы негізін қалаушысы Астана қаласында 25,26 қараша күндері тағылымдамадан өтті. Олар «Әлеуметтік инновациялық хабақа», «Гарбар групп» жиһаз салонына, «Алия Болат» өнер-білім орталығына, «Күнде» кафесіне, «Түйме аватерапия» орталығына бірінші күні барып, әлеуметтік кәсіпкерлердің тәжірибесімен бөліссе, тағылымдаманың екінші күні Әлеуметтік инноваторлар хабының ішінде Ақжарқын Көздібаева, Гүлмира Пармышевалардан дәріс алды. Тағылымдамаға барған әлеуметтік кәсіпкерлер тәжірибе алмасып келді.

5-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттық материалдарды облыстың әр қаласы мен аудан орталығында билбордқа орналастыру.

1. Іс-шара. Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттық материалдарды орналастыруға қатысқан барлық әлеуметтік кәсіпкерлердің ішінен осы-лар анықталды:

- Тұлақараған ауданынан «ZER фарм» ЖШС – Зейнеп Ережеова
- Бейнеу ауданы бойынша «ЖК Кырымулова» – Қырымқұлова Жұмагүл
- Мұнайлы ауданы бойынша «ЖК Досжанова С» – Досжанова Сәнім
- Ақтау қаласы бойынша «ЖК Кусаинова» – Құсайынова Толқын
- Жаңаөзен қаласы бойынша – «ЖК Бердібекқызы» – Бердібекқызы Рухия
- Қарақия ауданы бойынша – «ЖК Шұғыла» – Телесінова Раушан
- Маңғыстау ауданы бойынша – «ЖК Nul-Zhaqt» – Жаңбыршина Жақсы. Аталған

әлеуметтік кәсіпкерлер осы елді мекендерде, аудан мен қала орталықтарында билбордқа орналастырылды.

6-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен өлеуетті кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерліктің бизнесін дамыту саласында оқыту.

1. Іс-шара. Астана қаласы «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының» президенті Пармышова Гүлмира «Әлеуметтік кәсіпкерлік – идеядан әрекетке» Воркшоп 14 қараша күні сағ. 10.00-де өтті. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік түрлері қандай? Әлемдегі әлеуметтік кәсіпкерлік түрлері қандай? Әлеуметтік кәсіпкерліктің категориялары, Қандай преференциялар бізді күтіп тұр және қандай преференциялар жасауда? Қай өңірде? – де-ген сұрақтарға жауаптар берілді. Воркшопқа 100 адам қатысты.

2. Іс-шара. 14 қарашада 14.00-де Астана қаласынан «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының» мүшесі Көздібаева Ақжарқынмен «Жеке бренд және әлеуметтік желі» тақырыбында оқыту шарасы ұйымдастырылды. Шараға 100 адам қатысты.

7-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлердің жобаларының жетістіктері мен маңыздылығы ту-ралы сюжеттер дайындау, әлеуметтік желілерде жариялау (әр әлеуметтік кәсіпкерге бір сюжеттен, тоқсан сайын кемінде 3 сюжет).

1. Іс-шара. Аталған міндетте 12 000 қаралым болуы шарт еді. Бүгінгі таңда 19271 қаралым жиналды. Сюжетке 12 мыңты әлеуметтік кәсіпкер қатысты.

8-міндет. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкерлердің немесе жетекшісінің қатысуымен подкаст «Астана,Алматы қалалары)

1. Іс-шара. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкерге, Астана қаласынан «Әлеу-меттік инноваторлар қауымдастығының» президенті Пармышова Гүлмира ханыммен под-каст түсірілді. Подкаст 10515 қаралым болды.

9-міндет. 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін 50-ге дейін кәсіпкерге консультациялық қызметтер көрсету мақсатында өлеуетті және жұмыс істеп тұрған әлеуметтік кәсіпкерлер үшін консультациялық кеңсеің жұмысын ұйымдастыру.

1. Іс-шара. Осы гранттық жоба басталғалы 85 адамға жеке консультация беріліп, соның ішінде 22 адам желтоқсанның 15-не дейін әлеуметтік кәсіпкерлік реестріне тір-келетін болады.

Бибігүл РАМАЗАНОВА,
“Риза-ана” қоғамдық қоры.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»

13000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.,
2 шағын аудан, «Сұңқар» БО, 405 кеңсе
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru



ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»

13000 Республика Казахстан, г Ақтау,
2 микрорайон, БЦ «Сункар» 405 офис
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru

исх. №004
от 26.01.2026 г

ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящим, ТОО «Продакшн студия «TIADA» подтверждает, что 27 января 2026 года состоится размещение информационного материала на государственном и русском языках в эфире телеканала «ASTANA TV» г. Ақтау и Мангистауской области в рубрике «БЕГУЩАЯ СТРОКА» следующего содержания:

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС «Жангурши кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс шараларының жоспарыбойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 2 наурызда сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты. Географиялық координаттар: Ендік 44°19'30, Бойлық 50°57'00

Онлайн қосылымға сілтеме:

[https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKF9WYlZrpeVJa.1](https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKF9WYlZrpeVJa.1Конференция) Конференция идентификаторы 839 9111 4927. Кіру коды: ywL0nY

Тапсырыс беруші: «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, БСН 000740003881, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел.: 87711060688.

Жобаны әзірлеуші: «Gals» ЖШС, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел.: 87789166528.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к «Проекту консервации последствий недропользования м/р Жангурши» и ППМ. Слушания состоятся: 2 марта 2026 года в 11:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, село Таушык, в здании акимата. Географические координаты: Широта 44°19'30, Долгота 50°57'00

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us05web.zoom.us/j/83991114927?pwd=n7CgE1NheZg8cvaRKF9WYlZrpeVJa.1> Идентификатор конференции 839 9111 4927. Код доступа: ywL0nY

Заказчик: ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ», БИН: 000740003881, г. Ақтау, 4 мкр, 42 здание, 3 этаж, тел.: 87711060688.

Разработчики проектов: ТОО «Gals», г. Ақтау, 5 мкр, 8 дом, офис 110, тел.: 87789166528.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл. почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте БЭП <https://ndbecology.gov.kz/>.

Директор ТОО «Продакшн студия «TIADA»



Тилеуов Р.К.

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС


**Жангурши кен орнының жер қойнауын
пайдалану салдарын консервациялау»
жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс
шараларының жоспары**

КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жангурши кен орны әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Түбқараған ауданының аумағына жатады.

Ең жақын елді мекендер: Форт-Шевченко қаласының аудан орталығы - батысқа қарай 55 шақырым және Таушық ауылы - шығысқа қарай 30 шақырым (сурет.1).

Жангурши кен орны географиялық жағынан Түбқараған түбегінің орталық бөлігінде орналасқан, ол батысында, оңтүстігінде және солтүстігінде Каспий теңізінің суларымен жуылады, шығысында Маңғышлақ тау жүйесіне іргелес.



1.1-Сурет-Жұмыс ауданының шолу картасы

ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жангурши кен орнында кестеде көрсетілген жабдықтар/құрылыстар консервациялауға жатады.

Сондай-ақ, консервациялау барысында объектіде контейнерлердегі мұнай шламының қалдық мөлшері анықталды. Мұнай шламының қалдығы 220 тонна. Бұл сан қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес міндетті түрде әкетуге және кәдеге жаратуға жатады. Мұнай шламын әкету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру барлық белгіленген ережелер мен рәсімдерді сақтай отырып жүзеге асырылатын болады.

Жангурши кен орнының ұңғымаларын пайдалану қоры да консервациялауға жатады.

Барлық жұмыстар еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Жабдықты консервациялау алдында Консервіленетін аппаратты кіреберісте және шығыста ысырмалармен толық кесу, содан кейін ішкі көлемді сүрту және үрлеу/жуу жүргізіледі. Жабдықты жуу өнімдері дренаждарға және одан әрі кәдеге жарату орындарына тасталады.

Консервациялауды талап ететін Жангурши кен орнындағы объектілер мен құрылыстардың тізбесі

№п.п.	Объектілер/құрылыстар тізбесі	Бірлік	Ескерту
1	Тұрғын қала	1	25 адамға
2	Асхана	1	10 адамға
3	Сақтау сыйымдылығы	48	50 м3
4	Дизельді электр станциясы	4	
5	Автоцистерналар	2	
6	Электр кабелі	4500 метр	100м * 45 ұңғыма, оның ішінде 7 ұңғыма. жұмыс істемейтін қорда болу себебінен кабельсіз
7	Контейнерлік қоймалар	6	
8	Ангар	1	
9	Ұңғымалар	69	11 ұңғыма консервацияда, 6 жойылған., 52 әрекет етуші

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылу көздерінің барлығы 11 бірлігі анықталды, оның ішінде:

Ұйымдастырылған – 4 бірлік:

- № 0001 Дереккөз- АР-32/40 Қондырғысы;
- № 0002 Дереккөз- ЦА-320 Қондырғысы ;
- № 0003 Дереккөз- КТА-25 краны;
- № 0004 Дереккөз- Тексан ТЈ-509ТА Дизель генераторы;

Ұйымдастырылмаған – 7 бірлік:

- № 6101 Дереккөз- Газ кесу;
- № 6002 Дереккөз- Май ыдысы;
- № 6003 Дереккөз- Дизель отынына арналған сыйымдылық;
- № 6004 Дереккөз- Арнайы қозғалыс кезінде шаң;
- № 6005 Дереккөз- Дәнекерлеу посты;
- №6006 Дереккөз- Ерітінді дайындау түйіні;
- №6007 Дереккөз- Тегістеуіш.

Ұңғымаларды жою кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 6,3520176 г/с немесе 1,00745469 т/кезеңді құрайды.

СУДЫҢ КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Су тұтыну және су бұру балансы

Тұтынушылардың атауы	Саны, адам	Су шығын нормасы, бір	Су тұтыну		Су бұру	
			м3/тәулік	м3/жыл	м3/тәулік	м3/жыл
ішу қажеттіліктері	3	0,002	0,006	0,126	0,006	0,126
	адам	м3/адам.				
шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер	3	0,025	0,075	1,575	0,075	1,575
	адам	м3/адам.				
душ торы (торлар саны)	1	0,1	0,1	2,1	0,1	2,1
		м3/тәулік.				
асхана (тағамдар саны)	3	0,012	0,036	0,756	0,036	0,756
кір жуу (кір мөлшері)	0,5	0,04	0,02	0,42	0,02	0,42
	кг	м3/1 кг құрғақ киім				
Барлығы			0,237	4,98	0,237	4,98
күтпеген шығындар 5%			0,01185	0,24885	0,01185	0,24885
Барлығы:			0,24885	5,23	0,24885	5,23

Консервациялау кезеңінде түзілетін қалдықтардың жинақталу лимиті

Қалдықтардың атауы	Қолданыстағы жағдайға жинақталған қалдықтардың көлемі тонна/жыл	Жинақтау лимиті, тонна / жыл
1	2	3
Барлығы:		223,01918
оның ішінде өндіріс қалдықтары		222,8885
тұтыну қалдықтарын		0,13068
Қауіпті қалдықтар		
Майланған шүберек		0,127
Пайдаланылған контейнерлер		0,207
Пайдаланылған майлар		0,34
Мұнай шламы		219,35
Қауіпті емес қалдықтар		
Металл сынықтары		0,01
Дәнекерлеу электродтары		0,0045
Құрылыс қалдықтары		2,85
Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)		0,13068

Барлық қалдықтар жинақталуына қарай одан әрі қайта өңдеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беріледі

Атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

- ✓ Жұмыс өндіру технологиясының дәл сақталуын бақылау;
- ✓ барлық технологиялық параметрлерді қатаң сақтау;
- ✓ жабдықтың герметикалығын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- ✓ технологиялық процестің барысын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- ✓ қызметкерлерді төтенше жағдайларға ден қоюға үйрету;
- ✓ өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтау;
- ✓ атмосфераға ең аз шығарындылары бар заманауи жабдықты пайдалану;
- ✓ жабдықтың беріктігі мен герметикалығын қамтамасыз ету;
- ✓ технологиялық жабдықтарды жоспарлы-алдын алу жөндеулерін және профилактикасын уақтылы жүргізу.

Зиянды заттардың таралуын есептеу талдауы СҚА шекарасындағы барлық ингредиенттер бойынша жер бетіндегі концентрациялар атмосфералық ауа сапасының критерийлерінен аспайтынын көрсетті.

Қоршаған ортаның қалдықтармен ластануын болдырмау жөніндегі іс-шаралар

Кәсіпорынды пайдалану процесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтары арнайы бөлінген уақытша сақтау орындарында (тығыз жабық контейнерлерде) жинақталады.

Қауіпті физика-химиялық қасиеттері бар қалдықтар үшін кәсіпорын аумағында қалдықтардың қауіпсіз айналымын бақылау көзделген.

Қоршаған ортаның қатты қалдықтармен ластануын болдырмау үшін Қазақстан Республикасында нормативтік талаптарға сәйкес мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- арнайы сыйымдылықтарда және арнайы жабдықталған алаңдарда уыттылығы бойынша сұрыптай отырып, өнеркәсіптік қалдықтарды түгендеу, жинау;
- жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылау;

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары:

- Жұмыстарды жүргізу аумағында шаңды басу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- Жер қойнауының жай-күйіне Мониторинг жүргізу;
- Техникалық және ауыз су шығыны нормаларының сақталуына бақылау жүргізу;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын одан әрі кәдеге жарату/қайта өңдеу үшін кен орнынан шығару.

Назарларыңызға
рақмет!

Баяндама

1 Слайд

Қайырлы күн құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар, сіздердің назарларыңызға **Жангурши кен орнының жер қойнауын пайдалану салдарын консервациялау» жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс шараларының жоспары** тақырыбында баяндама ұсынылады

2 Слайд

КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жангурши кен орны әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Тұбқараған ауданының аумағына жатады.

Ең жақын елді мекендер: Форт-Шевченко қаласының аудан орталығы - батысқа қарай 55 шақырым және Таушық ауылы - шығысқа қарай 30 шақырым (сурет.1).

Жангурши кен орны географиялық жағынан Тұбқараған түбегінің орталық бөлігінде орналасқан, ол батысында, оңтүстігінде және солтүстігінде Каспий теңізінің суларымен жуылады, шығысында Маңғышлақ тау жүйесіне іргелес.

3 Слайд

1.1-Сурет-Жұмыс ауданының шолу картасы көрсетілген

4 Слайд

ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жангурши кен орнында кестеде көрсетілген жабдықтар/құрылыстар консервациялауға жатады.

Сондай-ақ, консервациялау барысында объектіде контейнерлердегі мұнай шламының қалдық мөлшері анықталды. Мұнай шламының қалдығы 220 тонна. Бұл сан қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес міндетті түрде әкетуге және кәдеге жаратуға жатады. Мұнай шламын әкету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру барлық белгіленген ережелер мен рәсімдерді сақтай отырып жүзеге асырылатын болады.

Жангурши кен орнының ұңғымаларын пайдалану қоры да консервациялауға жатады.

Барлық жұмыстар еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Жабдықты консервациялау алдында Консервіленетін аппаратты кіреберісте және шығыста ысырмалармен толық кесу, содан кейін ішкі көлемді сұрту және үрлеу/жуу жүргізіледі. Жабдықты жуу өнімдері дренаждарға және одан әрі кәдеге жарату орындарына тасталады.

Консервациялауды талап ететін Жангурши кен орнындағы объектілер мен құрылыстардың тізбесі

№п.п.	Объектілер/құрылыстар тізбесі	Бірлік	Ескерту
1	Тұрғын қала	1	25 адамға
2	Асхана	1	10 адамға
3	Сақтау сыйымдылығы	48	50 м3
4	Дизельді электр станциясы	4	
5	Автоцистерналар	2	
6	Электр кабелі	4500 метр	100м * 45 ұңғыма, оның ішінде 7 ұңғыма. жұмыс істемейтін қорда болу себебінен кабельсіз
7	Контейнерлік қоймалар	6	
8	Ангар	1	
9	Ұңғымалар	69	11 ұңғыма консервацияда, 6 жойылған., 52 әрекет етуші

5 Слайд

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылу көздерінің барлығы 11 бірлігі анықталды, оның ішінде:

Ұйымдастырылған – 4 бірлік:

- № 0001 Дереккөз- АР-32/40 Қондырғысы;
- № 0002 Дереккөз- ЦА-320 Қондырғысы ;
- № 0003 Дереккөз- КТА-25 краны;
- № 0004 Дереккөз- Тексан ТТ-509ТА Дизель генераторы;

Ұйымдастырылмаған – 7 бірлік:

- № 6101 Дереккөз- Газ кесу;
- № 6002 Дереккөз- Май ыдысы;
- № 6003 Дереккөз- Дизель отынына арналған сыйымдылық;
- № 6004 Дереккөз- Арнайы қозғалыс кезінде шаң;
- № 6005 Дереккөз- Дәнекерлеу посты;
- №6006 Дереккөз- Ерітінді дайындау түйіні;
- №6007 Дереккөз- Тегістеуіш.

Ұңғымаларды жою кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 6,3520176 г/с немесе 1,00745469 т/кезеңді құрайды.

6 Слайд**СУДЫҢ КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ****Су тұтыну және су бұру балансы**

Тұтынушылардың атауы	Саны, адам	Су шығын нормасы, бір	Су тұтыну		Су бұру	
			м3/тәулік	м3/жыл	м3/тәулік	м3/жыл
ішу қажеттіліктері	3	0,002	0,006	0,126	0,006	0,126
	адам	м3/адам.				
шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер	3	0,025	0,075	1,575	0,075	1,575
	адам	м3/адам.				
душ торы (торлар саны)	1	0,1	0,1	2,1	0,1	2,1
		м3/тәулік.				
асхана (тағамдар саны)	3	0,012	0,036	0,756	0,036	0,756
кір жуу (кір мөлшері)	0,5	0,04	0,02	0,42	0,02	0,42
	кг	м3/1 кг құрғақ киім				
Барлығы			0,237	4,98	0,237	4,98
күтпеген шығындар 5%			0,01185	0,24885	0,01185	0,24885
Барлығы:			0,24885	5,23	0,24885	5,23

7 Слайд**Консервациялау кезеңінде түзілетін қалдықтардың жинақталу лимиті**

Қалдықтардың атауы	Қолданыстағы жағдайға жинақталған қалдықтардың көлемі тонна/жыл	Жинақтау лимиті, тонна / жыл
1	2	3
Барлығы:		223,01918
оның ішінде өндіріс қалдықтары		222,8885
тұтыну қалдықтарын		0,13068
Қауіпті қалдықтар		
Майланған шүберек		0,127
Пайдаланылған контейнерлер		0,207
Пайдаланылған майлар		0,34
Мұнай шламы		219,35
Қауіпті емес қалдықтар		
Металл сынықтары		0,01
Дәнекерлеу электродтары		0,0045
Құрылыс қалдықтары		2,85
Қатты тұрмыстық қалдықтар (КТК)		0,13068

Барлық қалдықтар жинақталуына қарай одан әрі қайта өндеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беріледі

8 Слайд

Атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

- ✓ Жұмыс өндіру технологиясының дәл сақталуын бақылау;
- ✓ барлық технологиялық параметрлерді қатаң сақтау;
- ✓ жабдықтың герметикалығын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- ✓ технологиялық процестің барысын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- ✓ қызметкерлерді төтенше жағдайларға ден қоюға үйрету;
- ✓ өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтау;
- ✓ атмосфераға ең аз шығарындылары бар заманауи жабдықты пайдалану;
- ✓ жабдықтың беріктігі мен герметикалығын қамтамасыз ету;
- ✓ технологиялық жабдықтарды жоспарлы-алдын алу жөндеулерін және профилактикасын уақтылы жүргізу.

Зиянды заттардың таралуын есептеу талдауы СҚА шекарасындағы барлық ингредиенттер бойынша жер бетіндегі концентрациялар атмосфералық ауа сапасының критерийлерінен аспайтынын көрсетті.

Қоршаған ортаның қалдықтармен ластануын болдырмау жөніндегі іс-шаралар

Кәсіпорынды пайдалану процесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтары арнайы бөлінген уақытша сақтау орындарында (тығыз жабық контейнерлерде) жинақталады.

Қауіпті физика-химиялық қасиеттері бар қалдықтар үшін кәсіпорын аумағында қалдықтардың қауіпсіз айналымын бақылау көзделген.

Қоршаған ортаның қатты қалдықтармен ластануын болдырмау үшін Қазақстан Республикасында нормативтік талаптарға сәйкес мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- ✓ арнайы сыйымдылықтарда және арнайы жабдықталған алаңдарда уыттылығы бойынша сұрыптай отырып, өнеркәсіптік қалдықтарды түгендеу, жинау;
- ✓ жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылау;

9 Слайд

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары:

- Жұмыстарды жүргізу аумағында шаңды басу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- Жер қойнауының жай-күйіне Мониторинг жүргізу;
- Техникалық және ауыз су шығыны нормаларының сақталуына бақылау жүргізу;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын одан әрі кәдеге жарату/қайта өңдеу үшін кен орнынан шығару.

10 Слайд

Назарларыңызға рақмет!